

М.Х.Дулати атындағы Тараз мемлекеттік  
университеті

Философия және саясаттану кафедрасы

Дінтану пәні 2 кредит

Ф.с.ғ.к.,доцент Спанов М.Ж.

**Тақырыбы**  
**Ұлттық діндер және**  
**олардың түрлері**

# Жоспары

1. Үндістандағы ұлттық діндер-индуизм және сикхизм.
2. Қытайдағы ұлттық діндер:  
конфуцийшілдік және даосизм.
3. Жапондардың ұлттық діні-синтоизм
4. Еврейлердің ұлттық діні-иудаизм

# 1. Үндістандағы ұлттық діндер-индуизм және сикхизм

Үндістан — Оңтүстік Азияда Үндістан түбегінде орналасқан мемлекет. Үндістан – өзінің аса бай мәдениетімен және ежелгі өркениетімен әйгілі ел.

Діни құрамы:

- индуизм дініне табынатындар — 80,3%;
- мұсылмандар — 11%;
- мәсіхшілік дініндегілер — 4%-дай;
- сикхтар — 2,8%, т.б.

Индуизм б.д. дейінгі бірінші мыңжылдықта пайда болды.

Ол адамды рухани құтқарудың үш жолын ұсынды. Олар:

- Қасиеттері істер жолы
- Таным жолы
- Адалдық жолы

**Индуизм – Үндістанда пайда болып, қазіргі кезде дамып келе жатқан діни дәстүр. Бұл дінді ұстанушылардың жалпы саны жер бетінде 700 миллионнан асады деген деректер бар. Оңтүстік Азия елдерінде (Үндістан жұртшылығының 83%-ы, Непалда, Шри-Ланкада, Бангладеште индуизмді ұстанады. Оңтүстік-Шығыс Азия (Малайзия, Индонезия, Сингапур) мен Африканың кейбір өңірлерінде де аздап таралған. ХХ ғасырдан бастап индуизм Еуропа мен Америка елдерінде тамыр жайып, жаңаша ерекшелігімен жұртшылықтың бірден назарын аударды. Бұған осы дінді зерттеуге арналған 18 томдық "Индуизм" атты энциклопедияның дайындалып дайындалып жатқандығы дәлел десе де болады.Бұл энциклопедияға көптеген елдерден 1250 ғалымның 10000-нан астам ғылыми мақалаларын енгізу көзделіп отыр.**



Индуизмнің тұңғыш қауымы – «адживака» тақуалық жолын тұтып, тән құмарлығымен күресті. Бірақ, Вишнуға табынды. «Адживака» діни идеяларын «бхагаватами» толықтыра түсті. Ол Вишнумен қатар Кришнаға тең дәрежеде құрмет көрсетті. XII ғасырда брахмандар жарты құдай – Рамаға ерекше тұғыр орнатты. XV ғасырда діни ғұрыптар қара халықтың тілі болып саналатын хинди тілінде атқарыла басталды. Осының нәтижесінде Вишнудің көпшілік арасындағы мәртебесі жоғарылай түсті. Шиваға құлшылық жасау да осы құдайды мойындаушы қауымдардың бірлігінің нығаяуына қызмет етті. Бірақ, көпқұдайлық үнді халықтарының одан әрі қауымдаса түсінуіне кедергі болған жоқ. Керісінше, осы көп құдайлар біртұтас діни түсінік аясында құрметтеліп, индуизм баршаның дініне айналды. Индуизм үшін «Махабхарата» және «Рамаяна» эпостары-Үндістанды арий тайпалары жаулап алуы кезеңіндегі үнділердің қаһармандық күресі туралы әңгімелейтін қасиетті аңыздар жинағы. Поэмада индуизм құдайлары пантеоны туралы әңгімелейтін қасиетті аңыздар жинағы. Поэмада индуизм құдайлары туралы кең әңгімеленеді. «Рамаянада» Раманың және оның жұбайы Ситаның өмірі баяндалады. Индуизмнің діни ескерткіштерінің ішінде құрылымдық жағынын «Махабхарата» эпосына енетін дүниетанымдық проблемаларға түсініктемелер беретін «Бхагават-Гита» философиялық концепция тұтастығымен ерекшеленді. Концепцияның негізінкүллі болмыстың бастауы ретіндегі пракрит туралы және одан дербес таза рух – пуруша туралы ережелер құрайды. Осылардан шығарма авторларының екі негізді мойындаған дуалистік көзқарасы көрінеді.

**Индуизм термині Синдху өзенінің парсы тіліндегі атауы "Хинду" деген сөзден негіз алған. Кейіннен бұл сөз тек өзен мен оның жағасындағы Үнді елін ғана білдірмей, сол елдегі халықтың атауына айналған. Индуизм дінінің ерекшелігі, мұнда құдайлардың саны өте көп, бәріне ортақ бір құдай жоқ. Діннің негізін салушы да, белгілі пайғамбар да жоқ, бірақ көптеген жеке білімдерді таратушы, рухани ұстаздар бар. Бір ортақ қасиетті кітап жоқ, оның орнына әр бағыттың негізі болып саналатын жазбалардың беделі өте күшті. Бұл дінде жалпы мойындалатын сенім символдары мен талаптары болмағанымен, индуистердің дүниетанымында ерекше орын алатын ұғымдар (дхарма, карма, сансара, мокша, Брахман, атман, варна, каста т.б.) бар.**




Индуизмдегі құдайларды бір атпен атау, бір түрге біріктіру мүмкін емес. Мұнда құдай тұжырымдамасы әр түрлі, себебі индуизм Үндістанда ғасырлар бойы жинақталған жазбалардың барлығын өзінің қасиетті кітаптары ретінде қабылдаған, сондықтан да осы кітаптарда аталған 33 құдайдың (11-і аспандағы, 11-і ауадағы, 11-і жердегі) бәрі индуизмде мойындалады. Брахман – әлемді жаратушы, бастапқы бірліктің барлық тірі және өтпелі шындықтың мәңгілігін жүзеге асырушы. Бірақ Брахманның адам алдындағы еңбегі дәстүрлі индуистік түсінік бойынша көрнекті болмады. Сондықтан да Брахманға онша сыйынбайды, оған арналған храмдар саны да санаулы ғана. Индуистердің көпшілігі Шива мен Вишнуға табынғандықтан, шиваиттер мен вишнуиттер болып екіге бөлінеді. Шиваның негізгі қызметі жою және өзгерту, сонымен қоса ол – өмірлік күштің және еркектік бастаманың иесі.





Индуизмнің қасиетті жазбалары Ведалар болып есептеледі. Олар шрути – "тыңдау, естілу" деп аталады. Оның екі себебі бар: олар жоғарғы құдайдан естілген және шәкірттер ұстаздарының әңгімелерінен осы текстерді қабылдаған. Қазіргі индуизмде құдайға құлшылық еткенде осы ведалық мәтіндерден мантралар оқылады. Мантраларды (қасиетті сөздерді) тек санскрит тілінде оқу керек. Брахмандар – абыздардың сыйыну мен құлшылық ету оқулығы қара сөзбен жазылған. Бұлар ведалық әдебиеттердің екінші бөлігі болып есептеледі. Абыздар жеті Брахмандық мәтіндерді ерекше бөліп айтады. Келесі Араньяки мәтіндері де Құдайға құлшылық, медитация туралы айтады. Ал Упанишадтарда индуизм философиясының мистикалық тұжырымдамасы берілген. Упанишад – қатар отыру деген ұғымды білдіреді. Гуру (рухани ұстаз) қасына отырған таңдаулы шәкіртіне қасиетті ілім туралы кеңес берген.



Дәстүр бойынша Упанишадтар 108 мәтіннен тұрады. Оларда индуизм философиясының мәнін ашатын категориялар берілген:

- Жеке жан (Атман) және Әлемдік жан (Брахман)
- Брахман мәңгі өмір сүреді, бірақ формасы болмайды.
- Әлем бұл – елес (иллюзия, майя).
- Жан тізбектелген өмір циклынан (сансарадан) өтіп отырады, оның келесі тіршілігі өзінің іс-әрекетіне (кармасына) байланысты.
- Жанның азаптан босатылу қасиеті бар (мокша).
- Жаратылған әлемдегі барлық заттар бірлікте болады.



Индуизмде отбасында жасалатын діни ғұрыптар – самскаралар ерекше орын алады. Индуистердің көпшілігі мойындайтын он алты самскара мыналар: балалар дүниеге келгенге дейін: ұрықтану, құдайдан ұл сұрап жалбарыну, шашты тарау; бала жасындағы рәсімдер: баланың дүниеге келуіне байланысты жасалатын ғұрып, балаға ат қою, баланың алғаш үйден шығуы, баланың ең алғашқы жеген қатты тағамы, ер баланың алғаш шашын алуы, оң құлағының жоғарғы жағын тесу, шәкірттік мирас қабылдау, қасиетті жазбаларды оқуды бастау, Ведалық білімді меңгерудің аяқталуы; ересектерге арналған рәсімдер: некелесу, отбасы қызметін атқару кезеңі, қызметтен кету кезеңі, 60 жасқа толғанда жасалатын рәсім, кремация (денені отқа беру). Индуистердің діни ұғымы бойынша вегетериандықты ұстану қажет. Әйтсе де кейбіреулерінің қойдың етін тамаққа пайдаланатындығы кездеседі. Бұл діндегілер аюрведальық медицинамен емделеді. Себебі, мұнда табиғи өсімдіктерден жасалған дәрі-дәрмектер қолданылады. Мемлекетте аборт жасау заңмен рұқсат етілгендіктен, индуистер қыз баланың дүниеге келуіне бөгет жасауды, қалаусыз болған жүктілікті тоқтатуды дұрыс деп қабылдайды. Индуистер үшін адамның өзіне-өзі қол жұмсауы ерсі әрекет емес, себебі, бұл аскетизмнің соңы, діни кемелденудің шыңы деп қабылданады.

## Құдайға табынушылықтары

Құдайға жетудің бірден-бір жолы оған қажетінше құлшылық ету. Индуистердің осы жолдағы діни рәсімдері үш категорияға бөлінеді: нитья, наймиттика, камья. Нитья – бұл күн сайын жасалатын рәсім. Әр үндіс таңертең Күнге арнап сумен құрбандық шалады немесе отбасы құдайларының алдында пуджи (құдайларға құрмет көрсету) өткізеді. Наймиттиканы адам өмірінің ерекше кезеңдерінде жасайды. Бұл отбасына кіріс болғанда, балаға есім бергенде, некелескенде өткізілетін рәсім. Діни рәсімдердің үшіншісі – камья – діни саяхат. Бұл діни парызды орындау қажет деп есептесе де, әркімнің таңдауына ерік беріледі. Индуистер үшін діни саяхат табиғи өмір салтына айналған десе де болады. Діни мейрам кездерінде, әсіресе ана құдайға арналған қысқа діни саяхатты индустар жаяу жасайды. Қасиетті қалалар мен әулиелер орналасқан алыс жерлерге ұзақ саяхатқа шығады. Индуизмде Ганг, Ямуна, Синдху (Инд), Сарасвати (жер астында орналасқан), Нармада, Гадавари және Кавери өзендері қасиетті деп есептеледі, сондықтан осы өзендерге шомылу адамның күнәсінен арылып, рухани тазаруына әкеледі. Кейбір қасиетті жерлер Гималай тауларында орналасқан.

Сикхалар - XV-XVI ғғ. Үндістандағы мұсылмандар мен үнділіктерді бірік-тіруге шақырған жаңа ілім негіздерін уағыздаған Нанак есімімен байланысты ілім, ол сикхалар ілімінің негізін қалаушы болып есептеледі. Нанак ислам дінінен құдай - бұл жақсылық пен махаббат, жетекші гурудің басшылығымен құдаймен бірігуге ұмтылу қажет идеясын алды. Сикха - оқушылар, яғни гуру Нанак ізбасарлары дегенді білдіреді. Сикхалар барлық адамдардың құдай алдында теңдігін, осыдан келіп касталық жікке бөлушіліктен толығымен азаттықты уағыздады.




Сикхалар касталық пен брахмандарға, олардың салт-жораларына қарсы. Олар әйелдер мен еркектердің өмірге белсене араласуын уағыз-дады. Гуру Нанак каста бұғауынан босаудың белгісі ретінде ортақ асхана мен ортақ тамақтану принципін енгізген. Сикхалар мешіт сияқты гурд-валарда жиналатын болған. Гуру Нанак әйелдер теңсіздігіне, көп әйел алушылыққа және өзін-өзін өртеуге қарсы шықты.



Гуру Нанак пен оның ізбасарларының уағыздары Пенджаб тұрғындарының арасында кеңінен тарады. Барлығы Сикхалар бір-бірін ауыстырған 10 ұстаз-гуруды мойындайды. Кейін Сикхалар - діни сектасы қалыптасып, ал оларды моңғол императорларының қолдауына байланысты беделі мен ықпалы да күшейеді. Сикхалар сектасы өздерінің ерекше ережелері бар көптеген адамдардың қауымдастығына айналады.



Сикхалар күшеюі, діни-саяси қауымдастыққа айналуы моңғол императорларының оларға деген қатынасын өзгертеді. Сикхалар қауымдары мен олардың жетекшілер қудаланып, қатаң жазалана бастайды. XVII ғ. 9 гуру өлтірілген. Сикхалар - әлі күнге дейін Үндістандағы белсенді этноконфессионалдық қауым.





## Құдайға табынушылықтары

«Ек Онкар» (жалғыз құдай): бір ғана құдай бар, оның есімдері мен сипаттары сансыз, барлық діндерде айтылатын құдай осы. Оған жыныс тән емес, барлық уақытта, барлық жерде бар болып табылады. Ерте тұру және ой жіберу, күн шықпай тұрғандағы уақыт құдаймен бір болуды сезіну мен медитацияға, дұғаға арналады. Адал табыс табу, адал өмір сүру. Өзгелердің арқасында арам пайда таппау, адал еңбектену. Өзгелермен бөлісе білу үйдің есігін қашанда өзгелерге ашық ұстап, келгендерді жылы қабақпен қарсы алу. Адал табысының белгілі бір мөлшерін өзгелермен бөлісу. Қайта туылу, карма және құтқарылу: барлық заттардың жаны бар, өлген соң жан басқа денеге ауысады. Бұл рух толық азаттық алғанға дейін жалғасады. Құдайды еске алу құдайды жақсы көру, оған ерекше құрмет көрсету. Адамдық пенделердің барлығы тең, бәріміз құдайдың балаларымыз, құдай біздің қамқор ата-анамыз (Бұл бірақ христиан дініндегі Иса құдайдың баласы дегендей емес). Адами құндылықтарды ұстану: барлық тіршілік иелерінің құқық қорғау, сақтау, әсіресе өз жақындарыңның. Отбасы құндылықтарын сақтау. Жеке құрбандық: жоғарғы құндылықтар үшін өз өміріңді қиюға әзір болу.

Құдайға апаратын жолдардың көптігі: сикхтар өзге дін өкілдері де тура жолда болуы мүмкін деп сенеді, тек өздерімен шектемейді. Сикхтарда мұсылмандардағы Жұма не христиандардағы Жексенбі секілді белгілі бір құлшылық күні жоқ, батыста христиан елдерінде өмір сүретін сикхтар жамағат болып атқаратын құлшылықтарын Жексенбі күні өткізеді. Сикхизм сырттай қарағанда Ислам мен Индуизм арасынан пайда болған синкреттік дін секілді көрінсе де, өздері бұл діннің синкреттік екенін қабылдамайды. Өйткені құдайдан келген деп біледі. Сикх дәстүрінде Ислам мен Индуизмдегі қажылық, ораза және құрбан секілді құлшылықтар жоқ. Сүндетке отырғызу дәстүрі де оларға жат. Бұған қоса, сикхтер кейбір үнді дәстүрінде орны бар аскетизм, кезбелік, қайыршылық немесе өлген күйеулерінің артынан жесірлерін қоса өртеу (сати) дәстүрін де қабылдамайды. Десе де Нанак дәріптеген сенім исламдағы тәухид түсінігіне жақындау келетінін айтуға болады. Бүгінгі күні бұл сенімнің 23 миллион ұстанушылары бар деп білінеді. Біздің мақсат: Үндістандағы көп құдайшылық жүйенің арасында бір құдайшылық сенімді дәріптеушілердің барын көрсету. Әрине, ол сенімнің қаншалықты тазалығы, дұрыстығы өз алдына бөлек әңгіме.

## 2. Қытайдағы ұлттық діндер: конфуцийшілдік және даосизм.

Конфуцийшілдік. Бұл философиялық ағымның пайда болуы және қалыпта-суы осы ағымның негізін қалаушы Кун-фуц-зы, оның ізбасарлары Мэн-цзы және Сюнь-цзының есімдерімен тығыз байланысты.



Кун-фу-цзы (б.д.д. 551—479 жж.) кедейленген ақсүйек әскербасы отбасында дүниеге келген. Ата-анасынан ерте айрылған ол тек 15 жасында ғана білімге құштарлық тынытады, ал 50 жасында өз мектебін қалыптастырады. Оның көптеген ізбасарлары болған. Олар ұстазының және өздерінің ой-пікірлерін, қағидалары мен тұжырым-дарын жинақтап, «Әңгімелер мен пікірлер» («Лунь юй») деген конфуцийшылдық ілімнің негізші ығармасын дүниеге келтірді.



Кун-фу-цзының ілімінше, ең жоғары жаратушы күш — Аспан, ол жерде әділеттілік болуын қадағалап отырады. Ал қоғамдағы теңсіздік, әртүрлі сатыдағы топтардың болуы — ол әділеттілік. Олай болса, Аспан (Көк) осы теңсіздікті қорғайды. Кун-фу-цзы өзінің ілімін аспан денелерінің заңдылықтарын немесе бабалар рухын зерттеуге арнамайды. «Өмірдің не екенін білмей жатып, өлімнің, рухтың не екенін қайдан білеміз», — деуінің өзі осыған айғақ.

Керісінше, оның қарастыратын негізгі мәселесі — адамдар арасындағы қарым-қатынас, тәрбие мәселелері. Осыған орай, ол мынадай ұғымдарға көбірек көңіл беледі: «тең орта», «адамгершілік» және «өзара сүйіспеншілік». Осы үш ұғым бірігіп, «дао» (дұрыс жол) құрайды. Әр адам осы даоның жолымен өмір сүруі қажет.

«Тең орта» — адамдардың сабырсыздық пен сақтықтың арасындағы іс-әрекеті. Өмірде мұндай «ортаны» ұстап, іс-әрекет жасау оңай емес, себебі адамдардың көпшілігі сабырсыздық көрсетсе, бір тобы тым сақ келеді.

Ал адамгершіліктің негізі — «жэнь» — «ата-анасын құрмет-теу және үлкен ағаларын сыйлау», жалпы алғанда, үлкендерді сыйлау. Кім де кім шын жүректен адамгершілікке ұмтылса, ол еш уақытта жамандық жасамайды. Ал «өзара сүйіспеншілік» арқылы қарым-қатынас — конфуцийшылдық әдептілік туралы ілімінің негізгі өзекті ұғымы. Бұл әдептілік қағидасы, бір сөзбен айтқанда, «өзің қаламайтын нәрсені басқа біреуге жасама» дегенге сайып келеді. Аталған әдептілік қағидаларын «текті адамдар» (цзюнь-цзы) ғана басшылыққа алып, іс-әрекет жасайды.



Мэн-цзы (б.д.д. 372—289 жж.) Кун-фу-цзының лімін әрі қарай жалғастыра отырып, Аспан (Көк) — объективтік қажеттілік, тағдыр ретінде жақсылықты қорғайды дей отырып, аспан-ның еркі адамдардың жігер-еркі арқы-лы көрінеді деген пікір айтады. Осыдан келіп, ол: «Адамның табиғаты тек жақсылықтан жара-тылған. Олай болса, ван (билеуші) халықты өз баласындай сүйсе, халық оны әкесінен жақсы көруі керек» деген тұжырым жасайды.



Сюнь-цзы (б.д.д. 313 ж. — белгісіз) аспан мен жерді барлық денелердің шығу тегі ретінде мойындаса да, тағдырды Аспанның жігер-еркі ретінде мойындамайды. Оның пікірінше, Аспанды қастерлеп, ол туралы ойланып отырғаннан гөрі керекті заттарды көбейтіп, Аспанның өзін бағындырған дұрыс.

Даосизм (қыт. 道教, dàojiào) - атакты ойшыл Лао Цзы идеяларына негізделіп құрылған ежелгі Қытай философиялық және діни дәстүрі (тікелей аудармасы «*жол мектебі*»), Даосизм - табиғат күштерін мойындаудың және онымен үйлесімділікте болудың маңыздылығын қолдайтын теория. Даосизм байырғы Қытай философиясындағы негізгі бір бағыт. Б.з.д. 4-3 ғасырда пайда болған. Даосизмнің негізгі идеялары «*Лао-цзы*» және «*Чжуан-цзы*» трактаттарда берілген.

道



«Чжуан-цзыда» конфуцийшілікке қас идеялар айтылып, табиғат қоғамға қарсы қойылады. Адам өзін қоршаған міндеттерден босанып, табиғатқа жақын тұрмысқа қайтса, *Дао* (әлемнің түпкі негізі, сезімге қонбас сырды, тіршіліктің бүтіндігі) жолына келеді деген ой-пікірді білдіреді. Осынымен бірге Даосизмдегі табиғатты зерттеуге шақырған идеялар Қытайда алғашқы іліми түсініктердің және ойлап табулардың шығуына көмекші болады.«*Лао-цзыда*» *дао* түсінігі әлемнің маңызы және жаратылыс себебі деген мағына береді. Адам күрес пен қалаулардан бас тартып, өзі менен өзі болып, саяси істерге қатыспау, өкімет елдің тұрмысына зиян келтірмеуі керек деген көзқарастар айтылады. Даосизмнің негізін қалаушы Лао Цзы . Ол VI –V б.ғ.д өмір сүрген . Басты бұлақ көздері Даоцизм мен Дэцзин философиялық трактаты. Даосизмнің екі мағынасы бар.

1. Дүниенің өмір сүруін қамтамасыз ететін, әмбебап әлемдік заң адам мен табиғаттың өз дамуындағы жолы.
2. Бұл алғашында энергетикалық бос кеңістікті көрсеткен, әлемнің шыққан субстанциясы Дэ – игілік, жоғарыдан келген даоның қоршаған ортада пайда болуына әсер еткен күш.


## Даосизм философиялық негізгі ойлары.

Әлемдегі барлық заттар, құбылыстар басқа құбылыстармен байланыста. Материядан тұратын әлем бір тұтас , табиғатта материяның айналысы бар , яғни бүгінгі адам кеше басқа форма-да – тас, ағаш , жануар т.б болған. Әлемдік тіртіп , табиғат заң-дары, тарихтың жолы т.б адам еркінен тәуелсіз, сәйкесінше адам өмірінің басты принципі тыныштық пен түк істемеу, бос болу (у-вэй) император қасиетті, тек ол ғана құдаймен рухани байланысқа түсе алады , император тұлғасы арқылы бүкіл Ұытайға және адамзат атаулыға Дэ – келеді.

Даоны тану , Дэні тек даосизмнің заңдарын толық сақтағанда Даоның бастапқымен сіңісуінен ғана болады, императорды тыңдау, оған бағылудан кейін ғана. Бақытқа деген жол, шындықты білу тілектер мен құмарлықтан босау. Барлы-ғында бір біріңе жол беру керек.

### 3. Жапондардың ұлттық діні- СИНТОИЗМ

Синтоизм - [жапон. синто - құдайлар жолы] - Жапонияда кең тараған дін, табиғатты алғашқы қауымдық дәріптеуден туындаған рулық және тайпалық құдайларға табыну. 1868 жылдан 1945 жылға дейін мемлекеттік дін болған, оның негізін табиғат пен ата-баба құдайларына табыну құрады. Табынуды дамыту барысында шығармашылық бастау акті идеясы пайда болған, нәтижесінде күн құдайы Аматэрасу - синтоистік жоғарғы құдай пайда болған. Ал оның ұрпағы Джиммутенно барлық жапон императорларының аңыздық бастауы болған.




Синтоизм жапондық дүниетанымды қалыптастыруда маңызды рөл атқарды, ол басты бес концепцияға негізделді. Бірінші концепцияға сай, әлем өздігінен пайда болған, әлем жоғарғы күш арқылы емес, өздігінен реттеліп отырады. Екінші концепция жер бетіндегі өмір қуатын сипаттайды. Үшінші концепцияда табиғат пен тарихтың бірлігі, әлемнің тірі және тірі емес деп бөлінбеуі (себебі табиғаттың барлық құбылыстары мен адамда камилер өмір сүреді) айтылады. Камилер осы әлемде тіршілік ететіндіктен, о дүниеден пана іздеудің қажеттілігі жоқ. Төртінші концепция көпқұдайлықты көрсетеді, себебі синтоның өзі жергілікті табиғат культтерінен, жергілікті, рулық және тайпалық құдайларға табынудан пайда болған. ХХ ғасыр тізімдемесіне сәйкес синтоның құдайлар пантеоны 3132 құдайдан тұрған, кейінірек олардың саны едәуір өскен. Бесінші концепция бойынша синто жапон ұлтымен етене байланысты, дегенмен, бұл жақындық жапондыққа кез келген басқа дінді ұстануына кедергі жасамайды.

## Құдайға табынушылықтары

Синтоизмде табиғатта өмір сүретін құдайлар мен рухтар бар. Осы рухтар кез келген қолдан жасалған затқа жан бітіруі мүмкін, сол зат табыну нысанына айна-лады. Синтоизм бойынша өмір мақсаты ата-бабалар идеалын жүзеге асыру, құдаймен рухани бірігу салт-жоралғылар мен сыйыну. Қазіргі заманғы Жапонияда синтоизм өз ұстанымын белгілі бір деңгейде сақтаған, ал оның жаңа секталары ұлттық ділді қалыптастыруға белсене атсалысуда. Синто дінінде әр түрлі культтер-дің ортақ сипаттары біріктіріліп, біртұтас рәсімділіктің күрделі жүйесі жасалды. Синтоистік діни табынудың негізінде Аматаэрасуға дейінгі ататектен бастау алатын ата-баба культі жатыр. Адам әлемі "ками" әлемінен бөлінбегендіктен, белгілі мағынада адамның өзі де "ками" болып табылады, сондықтан оған о дүниедегі аман қалуды іздеу жат нәрсе. Діни тазалық "камиге" және өз ата-бабала-рына деген қастерлеуді, табиғатпен үйлесімді өмір сүруді, құдайылықпен рухани байланысты қажет етеді. Синтоизм этикасы өте қарапайым: ирригациялық жүйелерді бұзбау, қасиетті орындарды тазалықта ұстау, жан-жануарларға қамқорлықпен қарау.

## 4. Еврейлердің ұлттық діні-иудаизм

Еврей халқының ұлттық діні Иудей аңызы бойынша, Иудаизм дінін жаратушы Тораны (Таурат) сол уақыттағы барлық жетпіс халыққа қабылдауға ұсынған. Тек Еврей ұлты ғана қабылдауға келіскен. Сондықтан діни мағынада «Израиль» бір Құдайды мойындағандар мен заң кітабы — Тора арқылы Құдайға бой ұсынуға ұмтылушыларды білдіреді. Иудаизм термині (Ивритте «Яадут») Иуда еврей тайпа бірлестігінің атынан шыққан. Иуда ең ірі Израиль тайпасы болатын.



Иврит тілінде «Иудаизм» термині ХІХ ғасырдың соңында кең тарала бастады. Давид патша Иуда тайпасынан болатын. Давид тұсында біріккен Израиль-Иуда патшалығының күш-қуаты арта түсті. Бұл б.з.б. ХІ ғасырдың соңында болды. Иудаизм дін ретінде және құқықтық, моральдық-этикалық, философиялық және діни түсініктер кешені ретінде төрт мың жыл бойы және бүгінгі уақытта еврейлердің өмір салтын айқындап отыр. Танах үш бөлімнен тұрады. Тора Мұса (ғ.с.) (бес кітабі Нэбним (Пайғамбарлар), Кэтувішм (Жазба), Танах б.з.б. Х ғасырда б.з.б. ІІ ғасыр аралығында калыптасты. Талмуд екі бөлімшеден тұрады. Бірінші бөлім — Мишна (Қайталау). Бұл — Тораға түсіндірме. Екінші бөлімі — Гемара (толық түсіндіру). Бұл — Мишнаның түсіндірмесі. Талмудта, қылмыстық және азаматтық сипаттағы заңдар, адамгершілік заңдар отбасылық және жәке адам өміріне қатысты кеңестер бар. Талмудта 365 тыйым және 248 бұйрық әмір жинақталған иудей әдет-ғұрыптар жүйесі бар.

Иудаизмнің негізгі қағидаттары XII ғасырда өмір сүрген атақты философ — талмудшы, рабби Моисей бен Маймон (1135-1204) іліміне сүйсиген төмендегідей 13 ережеден тұрады:

1. Құдай бар.
2. Құдай бір.
3. Құдай денелік пішінде болмайды.
4. Құдай мәні бір.
5. Иудейлер тек бір Құдайға табынуы тиіс.
6. Құдаймен қарым-қатынас тек пайғамбар арқылы болады.
7. Моисей (Мұса) — ең ұлы пайғамбар.
8. Тораның шығуы қасиетті.
9. Тора өзінің мән-мағынасын еш жоғалтпайды.
10. Құдай адамдардың барлық іс-әрекетін біледі.
11. Құдай зұлымдықты жазалап, қайырымлылықты мадақтайды.
12. Құдай өзінің мессиясын жібереді.
13. Құдай өлілерді қайта тірілтеді.



## Құдайға табынушылықтары

Ежелгі түсінік бойынша Құдай атын атау – бұл ажалға алып келеді. Яхвенің орнына Адонай ("менің әміршім"), "Менің Құдайым – Яхве" сөзі қолданылады. Алғашқыда ежелгі еврей құдайлар пантеонында Яхве жерді түзеуші, жай атқыш, жаңбыр беруші ретінде көрінеді. Аман-есендік игілік Яхвемен байланыстырылды. Тек кейінірек Яхве басты Құдай атанды. Яхве культін орталықтандыру үдерісі және Яхвені барлық еврейлердің жалғыз құдайы ретінде мойындату үшін күрес ұзаққа созылды. Кез келген иудей үшін Құдай, Тора және еврей халқы ең маңызды мағынаға ие. Бұл әлемнің барлық еврейлерін біріктіруші діни және ұлттық идея. Еврейлердің құдайдың таңдаулы халқы екендігі идеясы догматикалық сипат алды. Яхве еврейлермен айрықша одақ құрып, тек еврейлерді өз халқы деп есептейді. Бұл идея сионизмнің діни негізін құрайды. Зайырлы және діни Иудаизмнің ерекшеліктері бар. Зайырлы Иудаизм ұғымы белгілі бір Иудей құндылықтарын, тіпті кейде діни мағына берілмейтін діни негіздегі еврейлердің философиясын сипаттайды.

Қорытындыны Конфуцийдің мына сөзімен аяқтасак: « Әр адамды өзінді құрметтегендей құрметтеуден , өзіңе тілегенді тілесен, одан биік ештеңе жоқ». Қай халықтың дінін алсақ ол дін сол халық үшін мәдениетінің түп негізі болып есептеледі. Қай халықтың тұрмысы, өмір сүру тәртібінің барлығы діни сана сезімімен байланысты болады.